

Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына

Кімнен: «JasART» жеке меншік мекемесінен

Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқамерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

1. Өтініш беруші				
1. БСН	131240019918			
2. Ұйымның тіркелген күні	01 маусым 2022 жылы			
3. Ұйымның толық атауы	«JasART» жеке меншік мекемесі			
4. Ұйымның заңды мекенжайы	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 5 ш/а, 20 үй, 85 пәтер			
5. Ұйымның басшысы	Тегі Исаева	Аты Алия	Әкесінің аты Жангелдинқызы	Лауазымы Директор
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	<p>“JasART” жеке меншік мекемесінің негізгі қызметтерінің бірі жаңа қазақстандық патриотизмді – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамдық қатынастарды дамытуға арналған іс- шаралар болып табылады.</p> <p>Жарғы қызметі бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none">• Жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын-алуға қарсы шара ұйымдастыру;• жастар арасында құқықтық қолдау;• жастардың арасында құқықтық тәртіпті орнықтыруға ықпал ету.• жастар арасында талантты жастарды анықтап, олардың шығармашылығына қолдау;• жастар шығармашылығын дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатындағы жұмыстарға білім беру орындарының, мәдени-бұқаралық кешендері мен спорт орталықтарының әлеуетін жұмылдыру.• еріктілер жұмысын ұйымдастыру;• волонтерлік бастамаларды, волонтерлік жобаларды, волонтерлік ұйымдарды қолдау;• әлеуметтік зерттеулер жүргізу;			

- тұрмысы төмен отбасындағы жастармен шығармашылық, қайырымдылық, материалдық қолдау көрсету шараларын өткізу;
- Жастар арасында төзімділікті және адамгершілікті насихаттау;
- жастарды жергілікті дәстүрлер мен мәдениетті құрметтеу рухында тәрбиелеу;
- тарих, дәстүр, әлеуметтану, мәдениеттану және тағы басқа сияқты салаларға қазақстандық қоғамының дәстүрлі құндылықтар жағынан даму бағытын зерттеу;
- интеллектуалды, іскерлік және кәсіпқойлық элитаның құрылуына көмектесу;
- Жастарды еңбекпен қамтамасыз етуге және жастар кәсіпкерлігінің дамуына ықпал ету мен әлеуметтік жобаларды, бастамаларды іске асыру
- Қазақстандық жастарды және балаларды патриотизмге және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық шынайы көзқарасты ояту мақсатында саяси, рухани- танымдық және сауықтыру лагерлері, тренинг- семинарлар, конференция, мастер класстар, интеллектуалдық ойындар, ұлттық спорттық шаралар, зерттеу және зерделеу жұмыстары, спектакль және шағын көрініс, онлайн, оффлайн т.б әртүрлі шаралар ұйымдастыру, өткізу.
- Жас отбасыларға отбасы құндылықтарын насихаттау және ажырасудың алдын алу бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру мен әлеуметтік жобаларды іске асыру. Жас отбасыларды қолдау мен дамытуға ықпал ету.
- Қазақстан Республикасындағыдай шет елдерде де конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, курстар, лекториумдар, дөңгелек столдар және т.б. ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және өзге мемлекеттердің азаматтары арасындағы мәдени, кәсіби және өзге қатынастарды дамытуға мүмкіндік туғызу;
- Облыстық, республикалық, халықаралық, өзге де тақырыптағы шараларды ұйымдастыру, өткізу;
- жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатындағы іс-шараларды ұйымдастыру
- жастардың өмір жағдайын жақсартатын рухани және физикалық жетілдіру, жастар арасында спортты, туризмді, салауатты өмір салтын қалыптастыру және дамыту.
- - тұрғындардың және жастардың қылмысының, есірткі, таксикомания және тағы басқа жастар арасындағы зиянды заттармен күресу, алдын алу үшін құзіретті органдарға жәрдемдесу және әлеуметтік жобаларды, бастамаларды іске асыру
- Жастар арасындағы суицид, өз-өзіне қол жұмсаумен, өзі-өзіне қол жұмсауға ұмтылумен, аяқталмаған суицидпен күресу.
- тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және мүлдем болдырмауға ықпал ету.
- NEET санатындағы жастардың үлесін төмендетуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, сол санаттағы жастармен жүйелі жұмыс жүргізу.
- жас қоғамдық пікір көшбасшыларын, белсенді жастарды қолдау.
- қазақстанда, сондай-ақ шетелдерде ұйымдармен және жеке адамдармен іскерлік байланыстарды жүзеге асыру;

	<ul style="list-style-type: none"> • Жастар арасында театр құру; • Кәсіби театр құру; • Инклюзивтік театр құру; • иммерсивтік және пластикалық театр құру; 										
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	<ul style="list-style-type: none"> • 14-29 жас аралағындағы жастар; • Жастар ұйымдарының жас мүшелері мен жетекшілері; • Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары; • Өңірдегі әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген 14 – 29 жас аралығындағы жастар • Саяси партиялар жанындағы жастар қанаты; • Волонтерлік ұйымдар мен бастамашыл топтар; • Өндірістік кәсіпорындары жанындағы Жас мамандар кеңесінің мүшелері; • Үкіметтік емес ұйымдар 										
8. Ұйымның байланыс телефоны	<p>8 (776) 478 72 29 8 (775) 478 72 29</p>										
9. Электрондық пошта мекен жайы	jasartmangystau@gmail.com										
10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты											
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	<p>Инстаграм: jasartmangystau https://www.instagram.com/reel/CnRzqhdqmcj/?igshid=NTdIMDg3MTY= <i>(оқырман саны 359, материал саны 81)</i></p> <p>Фейсбук: JasArt Mangystau <i>(оқырман саны 106, материал саны 81)</i> https://www.facebook.com/profile.php?id=100084345035275&mibextid=LQQJ4d</p>										
12. Іске асырылған негізгі жобалар мен	<table border="1"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Әлеуметтік жобаның атауы</th> <th>Қаржыландыру көлемі (теңге)</th> <th>Орындау кезеңі</th> <th>Негізгі нәтижелері</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Орындау кезеңі	Негізгі нәтижелері					
№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Орындау кезеңі	Негізгі нәтижелері							

<p>бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып абылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздересебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.</p>				<p>Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші</p>	<p>Басталуы</p>	<p>Аяқталуы</p>	
	1.	«Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру»	13 075 900 (он үш миллион жетпіс бес мың тоғыз жүз)	<p>Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы</p>	29.07.22	30.11.22	<p>1. Драматург Қолғанат Мұрат «Кіндік» діни пьесаны арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p>«Кіндік» спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ, 10 мин болды.</p> <p>Премьерасы Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрында өтті.</p> <p>2. Драматург Қолғанат Мұрат «Той көйлек» пьесасы арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p>«Той көйлек» спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ, 10 мин болды.</p> <p>Премьерасы Жастар үйінде өтті.</p> <p>3. Драматург Наурызбай Асылбеков «ДАҚ» пьесаны арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p>«Дақ» спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ болды.</p>

						<p>4. Драматург Жансерік Құттыбайдың «Кайф» пьесаны арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p>5. «Кайф» спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ болды.</p> <p>Премьералары Жастар үйінде өтті.</p> <p>Драматург Қырғызбай Ақжол «Пирамида» пьесаны арнайы тапсырыспен жазылды.</p> <p>«Пирамида» спектаклінің ұзақтығы: 1 сағ болды.</p>
2.	Қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға негізделген ғаламтор желісіне орналастыратын подкаст сұхбат түсірілімін	3 420 000 (үш миллион төрт жүз жиырма мың)	Маңғыстау облыстық дін істері басқармасы	30.10.22	31.12.22	«Дін және спорт», «Шетелде діни білем алу қауіпті», «Мектеп формасын сақтау!», «Жастардың дінге деген көзқарасы қандай?», «Дәстүрлі өнер мен дәстүрлі діннің сабақтастығы бар ма?», «Қазақ жастары және дін», «Алаш арыстарының діни сауаттылығы қандай болды?» тақырыбында подкаст түсірілді.

	дайындау қызметі					
--	------------------	--	--	--	--	--

2. Әлеуметтік жобаның командасы

<p>1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы</p>	<p>Штаттық қызметкерлер:</p> <p>Жоба жетекшісі, режиссер - Исаева Алия Жангелдинқызы Жұмыс тәжірибесі: 2008- 2010 ж.а - № 7 жалпы орта мектебі - Тәлімгер, ұйымдастырушы 2010 - 2014 ж.а - № 28 «Балдәурен» балабақшасы - Әдіскер 2014 - 2018 ж.а – «Ақ жол» ҚДП МОФ Жастар қанатының жетекшісі, «Ақ жол - жастар» жастар театрының жетекшісі; 2019 – осы күнге дейін Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық драма театрының режиссері</p> <p>Білімі: Бакалавр, Ш.Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті Бакалавр, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы</p> <p>Біліктілігі: «Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру» және Қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға негізделген ғаламтор желісіне орналастыратын подкаст сұхбат түсірілімін дайындау қызметі» жобаларының жетекшісі және көптеген шоу қойылым және концерттердің жетекшісі.</p> <p>Есепші маман – Мінәс Мөлдір Махамбетқызы Жұмыс тәжірибесі: 2011- 2012 жж. “№ 24 жалпы орта мектебі- Есепші 2012 -2020 жж. ҚР Сыбайлас Жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агентігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің есепші 2020 -бүгінге дейін Маңғыстау облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің - Қаржы бөлімінің бас маманы</p> <p>Білімі: Бакалавр, Ш.Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті</p> <p>Біліктілігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 2019ж. бухгалтерлік біліктілікті арттыру курстары - 2021ж. кәсіби мамандандырылған бухгалтер курстары
---	--

- «Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру» және Қоғамда радикалды идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға негізделген ғаламтор желісіне орналастыратын подкаст сұхбат түсірілімін дайындау қызмет» жобаларының және басқа да коммерциялық жобалардың бас есепшісі.

СММ маман – Сұлтан Нұрбақыт Сайлыбайқызы

Жұмыс тәжірибесі:

2015 қазан - 2016 ж. ақпан «Таланттар академиясы" оқушылар мен мұғалімдердің қоғамдық ұйымы - пиар-менеджер
2013 жылдан бастап "Ұлан", "Ақжелкен" республикалық балалар мен жасөспірімдер газеті мен журналы - штаттан тыс тілші

2016 жыл қараша-2017 жыл шілде «Жұлдыздар отбасы» журналы және juldyz.kz сайты - тілші

2017 жыл шілде – 2018 жыл маусым «Baribar.kz» сайты - тілші

2018 жыл, 10 қыркүйек – 2018 жыл 10 желтоқсан А.Жұбанов атындағы РҚММИ - Баспасөз хатшысы

2019 жыл, 1 ақпан – 2019 жыл 5 маусым Алматы технологиялық университеті - «Технолог» газетінің редакторы

2019 жыл 12 тамыз – 2020 жыл 30 тамыз Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталық КММ - Медиа бөлімінің маманы

2020 жыл 1 қыркүйек – 2020 жыл 31 желтоқсан Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті - Журналистика кафедрасында оқытушы

2021 жыл 1 қаңтар – 2021 жыл 1 желтоқсан «Baribar» ақпараттық порталы - Журналист

2021 жыл 23 желтоқсан – қазірге дейін «Елорда Ақпарат» ЖШС «Астана ақшамы» газеті - Журналист

Білімі:

- Бакалавр, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, журналистика факультеті (2014-2018 жж.)

Біліктілігі: 2019ж. Смм маманы және маркетинг курстары

Азаматтық құқықтық шарттағы кәсіби мамандар:

1. Керімбаева Эльмира Шаңытбайқызы

Біліктілігі: 1999- 2003 ж.ж. Ш.Есенов атындағы мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

2017- 2019 гг. Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті. "Драма Режиссері "

Жұмыс тәжірибесі: 2003 жылдан бері Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрының актрисасы, режиссер ассистенті

2. Саламатова Айман

Біліктілігі: 2004- 2008 гг. Маңғыстау облыстық өнер коллджі, Ақтау қаласы; «Хор дирижері»

2010- 2013 гг. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті –
"Музыкалық жалпы білімі"

2010- 2013 гг. Астрахан қаласы «Астрахан мемлекеттік консерваториясы» - "Дирижер"

Жұмыс тәжірибесі: 2003 жылдан бері Маңғыстау облыстық өнер колледжінде Хормейстер,
Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрының актриса.

Қызмет көрсету шарттарындағы шақыртылатын мамандар:

1. Режиссер – Еркебұлан Бекен

Жұмыс тәжірибесі: 2011 жылдан бері Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрының артисі және режиссер, режиссердің ассистенті. Қазіргі таңда режиссер ассистенті қызметін үлкен жауапкершілікпен атқарып, театр өнеріне зор үлес қосуда. Актердің ең бір құнды ерекшелігі ол режиссердің ой-тұжырымын саралап, оны әрі қарай дамытуда септігін тигізуі. Бейненің дамуына, оның ішкі сырын ашып жеткізуге көп мән береді.

Қоюшы режиссер ретінде Ш.Перроның «Золушка», «Сұлу мен Құбыжық» Ағайынды Гриммдердің «Белоснежка және жеті гном», «Мың бір түндегі» араб ертегісінің желісімен қойылған «Аладдиннің сиқырлы шамы» ертегілерін сахналады.

Біліктілігі:

2006-2010ж. – Бакалавр, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы

Мамандығы: Актер өнері

2. Хореограф - Тәуірханова Гүлсая

Жұмыс тәжірибесі:

2020 – 2022 ж.а F. Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында қоюшы хореограф

Біліктілігі:

Бакалавр, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы

3. Жазушы -драматург - Қолғанат Мұрат

М. Әуезов атындағы Қазақ Ұлттық драма театрында – әдеби редактор, драматург, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында оқытушы, өнертану магистрі.

Автордың пьесалары: “Шырмаудағы ғұмыр” (2013), “Қуыршақ” (2013), “Шырғалаң” (2014), “Алмашы үміт” (2015), “Түнек” (2015), “Пони” (2016), “Саусақ” (2016), “Бақыт кілті” (2016), “Егіздер” (2018), “Орбұлақ” “Мөде қаған”

(2019); “Тас - адам”(2018);“Көбелек ғұмыр”(2020); “Ғұрып”(2020); “Қылмыс”(2020); “Үш әйел бір еркек”(2020); “Мұғалім”(2021);

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткізілген ҚР және РФ театр оқу орындары мен театр жастарының I аймақтық эксперименталдық фестиваль-лабораториясында «Тағдыр» қойылымы үшін алғыс хатпен марапатталды (2011).

«Куэгер» пьесасы Республикалық «Нұрсұлтан Назарбаев» қоры ұйымдастырған VI «Алтын тобылғы» әдебиет байқауының «Жылдың үздік драматургі» атынды (2020)

«Түнек» пьесасы Ресейдің «Слово и действие-2018» байқауында негізгі конкурстка түсті.

4. Қоюшы суретші - Мамаев Талғат

Жұмыс тәжірибесі: 2019 жылдан бері Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театр, бас суретші

Білімі: 2006-2010ж. – Маңғыстау облыстық өнер колледжі, Ақтау қаласы;

Мамандығы: суретші мастер

2012-2015ж. – Ақтөбе қаласы, С.Баишев университеті

Мамандығы: дизайн

5. Тігінші - Бейнеубаева Шынарай

Жұмыс тәжірибесі: 2004 – 2008 жылдар аралығында Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театр, **тігінші**

2008 жыл – қазірге дейін **Жеке кәсіпкер, "Шынарай Аяпберген" авторлық сән үйінің негізін қалаушы.**

Білімі: 1999-2004ж.ж Алматы технологиялық университеті .

Мамандығы : жеңіл өнеркәсібінің инженер конструктор, дизайнер.

6. Музыка әрлеуші (Аранжировщик) - Убайдуллаев Асхат Иманғазиевич

Жұмыс тәжірибесі:

2011-2014 ж.а Бейнеу аудандық Мәдениет үйі - дыбыс операторы,дыбыс өңдеушісі

2015-2019 ж.а Оқу – Ғылыми Әдістемелік Мекемесі - дыбыс операторы, дыбыс өңдеушісі

2021-2022 ж.а Ф.Оңғарсынова атындағы аудандық мәдениет үйі - инженер программист

2021 жыл осы күнге дейін М. Өскінбаев атындағы облыстық филармониясы - дыбыс операторы

Білімі: 2009-2012 ж.а Ш.Есенов атындағы мемлекеттік колледжі,

Мамандығы : музыка пәнінің мұғалімі

	<p>7. Саламатова Айман Білімі: 2004- 2008 гг. Маңғыстау облыстық өнер коллджі, Ақтау қаласы; «Хор дирижері» 2010- 2013 гг. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті – "Музыкалық жалпы білімі" 2010- 2013 гг. Астрахан қаласы «Астрахан мемлекеттік консерваториясы» - "Дирижер" Жұмыс тәжірибесі: 2003 жылдан бері Маңғыстау облыстық өнер коллджінде Хормейстер, Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрының актриса.</p>
<p>3. Жоба туралы</p>	
<p>1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты</p>	<p>Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру арқылы жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p>
<p>2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы</p>	<p>«JasArt» жастар театры</p>
<p>3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)</p>	<p>Соңғы жылдары жастар айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Жастардың жаңа қажеттіліктері пайда болды және жастарға қатысты жобаларды жүзеге асыру жолдары да өзгерді, жастар арасында жеке бірегейлік пен мәдени тәжірибелерге сұраныс артты. Қарама-қайшылықтар мен қақтығыстардың жаңа көзінің пайда болуы, жастардың белгілі бір іс-әрекетінің мотивациясы мен формаларының өзгеруі байқалады.</p> <p>Мәселен, Фридрих Эберт Қорының (http://library.fes.de/pdf-files/bueros/kasachstan/18456.pdf) «Қазақстандағы жастар: құндылықтарды, үміттер мен ұмтылыстарды бағалау» 2021 жылғы зерттеуінде жастардың 48,5 %-ы еліміздегі білім сапасы халықаралық стандартқа сәйкес келмейді десе, 45 %-ы шетелде оқуды таңдайтындығын айтқан. 41,9 %-ы мамандық сәйкес емес жұмыс жасайды, 25,3 %-ы өмір сүру деңгейін көтеру үшін шетелге көшуге дайын екендігін көрсетті. Волонтерлік қозғалыстар мен ұйымдарға жастардың 40,5 %-ы сенеді, дегенмен 65,1%-ы олардың қызметіне қатыспаған. 80%-ы саясатқа аралысқысы келмейді, бірақ 60,7%-ы еліміздің саяси өмірінде жастардың өзін-өзі көрсетуіне әлдеқайда көп мүмкіндік берілуі қажет деп есептейді. 60,8 %-ы билік ұлттық бірегейлікті насихаттауға басымдық беру керек деп есептейді.</p>

Аталған жайттар еліміздегі мемлекеттік жастар саясатына, жастар мәселелеріне жаңа стратегиялық қадам жасалуын көрсетіп отыр.

Қоғам тірі организм, кез келген шектеулерге немесе тақым батырған нүктелерге кері байланыспен жедел жауап беру керектігін анық білеміз. Өтпелі кезеңнің ұрпақтарының санасы нарықтық қатынастың әліппесін жабайы капитализмнен алуымен аяққа тұрғанын күтіп жүріп ұрпақ тәрбиелеуде жіберілген олқылықтарымыз жеткілікті.

Мысалы, Маңғыстау облысында мектеп бітіруші түлектер төбелесуі (https://www.inform.kz/kz/mangystau-oblysynda-mektep-bitirushi-tulekter-tobelesti_a3792278), Маңғыстау облысындағы ауылдардың бірінде жасөспірімдердің жаппай төбелесі тоқтар емес, олардың ондаған жасөспірімдер бір-біріне жас таяқ пен тас қолданып шайқасқандары, (<https://baribar.kz/169354/aqtaudaghy-zhastardynh-toebelesi-zhelide-tarady/>, одан қала берді, Ақтау қаласының жастары бір- бірін соққыға жыққандары соның дәлелі. (<https://baribar.kz/169354/aqtaudaghy-zhastardynh-toebelesi-zhelide-tarady/>)

Жастардың мәдени демалысын ұйымдастыру өте күрделі және уақытты қажет ететін үлкен процесс. Кез келген әлеуметтік-мәдени қызметтің негізінде халықтың мәдениет саласындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігі жатыр. Қоғамның барлық талаптары мен сұраныстарына сәйкес келетін іс-шара жасау өте қиын. Мұндай ұйым ұзақ дайындықты, мұқият дайындықты, уақыт пен материалдық шығындарды қажет етеді. Мәдени іс-шараны ұйымдастырып қана қоймай, оны қоғамның, өлкенің, аймақтың қажеттіліктеріне жауап беретін қазіргі заман жағдайына барынша жақындату маңызды. Бүгінгі таңда жастар үшін түрлі іс-шараларды ұйымдастыру, оны белсенді қызмет түрлеріне тарту, таланттарды ашуға және шығармашылық әлеуетті іске асыруға көмектесу маңызды. Жастардың шығармашылық әлеуетін ашудың тиімді тәсілдерінің бірі- жастар театры.

Қоғамның қазіргі даму жағдайында мерекелер, маңызды оқиғалар, атаулы күндер құрметіне ұйымдастырылатын театрландырылған қойылымдарға, бұқаралық іс-шараларға, халықтық мерекелерге, конкурстарға айтарлықтай орын беріледі. Олар әр адамның өмірінде ғана емес, жалпы қоғамның дамуы мен қызметінде де маңызды орын алады.

Жалпы адамды іс-шара, ұжымдық жұмыстар яғни дайындық барсытары, спектакльдермен іс-сапарға шығу адамдарды жақындастырады, бірдей көңіл-күй қалыптастырады, бірлік сезімі пайда болады. Шындық пен өнерді біріктіретін мерекелік көңіл-күй және гастрольдік іс- сапар бару. Сонымен қатар, жастар театры жастарды дамыту құралы ретінде әрекет етеді, жеке өсуге, шығармашылық әлеуетті дамытуға ықпал етеді.

Өткен жылы өңірде әуесқой театр шығармашылығын қолдау арқылы жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі пайда болды. Жастар арасындағы әлеуметтік мәселелерді алдын алу жолдарын қойылымдар арқылы жастарға жеткізу кейсі оң нәтижесін беріп отыр. **Маңғыстау облысының жастар саясаты жөніндегі мәселелері басқармасының тапсырысы негізінде «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жүзеге асып жатқан «Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру» атты әлеуметтік жобасының негізінде Маңғыстау облысында алғаш рет «JasART» жастар театры құрылды.**

Жастар театры арқылы жастардың рухани мәдениеттілігін дамыту, театр өнері арқылы жастар театрын құру және жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жоғары моральдық, адамгершілік, азаматтық және рухани қасиеттері

	<p>бар қоғамды қалыптастыру процесіне жәрдемдесу мақсатында 5 (бес) спектакль көрсетілді. Жастар театрында өңіріміздегі Н. Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық драма театрының кәсіби театр мамандары дәріс бердің саяектакль сахналады. Жастар театрын ұйымдастыруда кәсіби шеберлік, сахнада тиянақтылық пен әділдігі және жан дүниенің тазалығының ұштасуын қамтамасыз етті.</p> <p>(https://caspiantoday.kz/%D0%B0%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%83%D0%B4%D0%B0-jasart-%D0%B6%D0%B0%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%80-%D1%82%D0%B5%D0%B0%D1%82%D1%80%D1%8B-%D0%B0%D0%BB%D2%93%D0%B0%D1%88%D2%9B%D1%8B-%D2%9B%D0%BE%D0%B9/), https://mangystautv.kz/kz/news/34332, https://cisc.kz/projects/organizacziya-raboty-molodezhnogo-teatra)</p> <p>Десекте, Қазіргі қоғамда, әсіресе, жастар арасында өршіп тұрған дерттің бірі әлеуметтік желі екені белгілі. «Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені» деп келген қазақ қазірге интернетке байланып, тұтқыны болып бара жатқаны жасырын емес. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, интернет арқылы, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желі арқылы «әңгімелеседі». Ғаламтор жүйесінің дамуына 10 жыл ғана болса да, қазірдің өзінде ғаламтор қолданбайтын жастарды табу қиын.</p> <p>Статистикаға жүгінсек, жастардың 49,2% әлеуметтік желіні күнделікті, 19,7% аптасына бір рет және 9,1% айына бір рет тексереді. Бұл деректер ата-аналарды мазалап қана қоймай, психолог дәрігерлердің, мұғалімдердің де ойын қауіптендіреді. Себебі, бұл жастардың қоғамдық, психологиялық дамуына әсер етеді. Әлеуметтік желі бос уақыттың көп бөлігін алатынына көз жеткіздік. Әлеуметтік желі көзбе-көз қарым-қатынасты ығыстырып қана қоймай, әуестікті де алмастырды. Сол себепті, әлі де бос уақыты ұйымдастырылмаған, нақты өмірлік және кәсіби бағдары қалыптаспаған жастардың басын біріктіріп шығармашылыққа баулу қажет.</p> <p>Жастардың рухани әлемі, өмірге көзқарасы, жалпы, жастар нені қалап, қандай мұрат-мақсатты көксейді, олардың мінезімен, психологиясымен, ниет-көңілдерімен есептесіп, санасатын спектакль қою керек. Бүгінгі қазақ жастарының ой-арманын білу, олардың бойындағы талантты, рухани-мәдени әлеуетті, талпынысы мен жігеріне жауап берерліктей яғни өздерінің жастарға тән ішкі қуатын өз елінде жүріп толыққанды жүзеге асыратындай және түрлі бюрократиялық кедергілерге тап болмайтындай жағдай туғызу – маңызды міндеттің бірі.</p> <p>Аталған мәселелерді ескере отырып, жобалық топ Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру арқылы жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында жүзеге асырылатын «JasART» жобасын ұсынады.</p>
4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру арқылы жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жастардың шығармашылық ұжымы пайда болуына әрекет жасау; 2. Жастардың проблемаларын, оның ішінде және т. б. проблемаларды қамтитын кемінде 3 (үш) қойылым ұсыну; 3. Маңғыстау облысының барлық 5 ауданында және Ақтау және Жаңаөзен қалаларында кемінде 3 көшпелі қойылым өткізу;

6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межелеңген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).

«JasArt» жеке меншік мекемесі Маңғыстау облысындағы бейресми 2011 жылдардан бері белсенді әрі тәжірибелі ұйымдармен деңгейлес жұмыс атқарып, жеке дербес мекеме болмаса да, өз қаражат есебінен немесе фандрайзинг арқылы әлеуметтік мәселелерді көтеріп қызмет етіп келді.

Маңғыстау облыстық жастар сассаты мәселелері басқармасының тапсырысы негізінде «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» ұйымдастырумен 29.07.22 - 30.11.22 аралығында **«Жастар театрының жұмысын ұйымдастыру»** атты грантты жүзеге асырды. Нәтижесінде, 5 спектакль сахналап, көрермендердің ықыласына бөленіп, көп сұранысқа ие болды.

Жоба аясында **өңірдегі әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген 14 – 29 жас аралығындағы жастардың талантын ашып қана қоймай, театр арқылы бойындағы мәлім, беймәлім қабілеттерін ашып, сана - сезіміне әсер етіп, рухын оятудың және жігерлендіру әрі ынталандыру, олардың әлеуетін арттырудың жаңаша құралын ұсынады.**

Сонымен қатар, жобаны тиімді іске асыру және қойылған нәтижелерге қол жеткізу үшін белгіленген мақсаттар мен міндеттерді толық жүзеге асырады және жоба аясында өткізілетін шараларды әлеуметтік желілерге жариялап отырады.

1. 1. Жастардың шығармашылық ұжымы пайда болуына әрекет жасау.

Жастар театрын ұйымдастыруға бағытталған және жобаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жан-жақты кәсіби тұрғыда әрекет етіледі.

№1 әрекет. Жастар театрына шығармашылық талаптарға сәйкес келетін қатысушы үміткерлерді анықтау үшін кастинг жарияланады.

№2 әрекет. Өңірдегі әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген 14 – 35 жас аралығындағы 100 - ге жуық үміткерден 20 үміткер шығармашылық кастинг арқылы іріктеуден өтеді.

№3 әрекет. 20 үміткерлерді проза, поэзия, монолог оқуына қарай анықтайды және кәсіби театр актері мен режиссердің өзі сынақтан өткізіп, шеберлігін сынау арқылы тандайды.

№4 әрекет. 20 үміткерлерді проза, поэзия, монолог оқуына қарай анықтау барысында кастинг ашықтығы мен әділдігін, есептілігін қамтамасыз ету мақсатында мекеменің әлеуметтік желілердегі ресми парақшасында тікелей эфирде көрсетіледі, жарияланады.

№5 әрекет. Іріктеуден өткен 20 үміткерлердің икемді қозғалу, түзу жүру өз денесін басқаруды түрлі жаттығулар арқылы шеберлік дағдысын қалыптастыру және актерлік шеберлігін дамыту үшін **актерлік шеберлігі** сабағы жүреді.

№6 әрекет. рiктеуден өткен 20 үмiткерлердiң әдемі және нақты сөйлеуге, топта жұмыс iстеуге, оқшаулануды жеңуге, көпшiлiк алдында еркiн ұстауға, ұялмауға, қорқынышын жеңу үйрететiн **шешендiк өнер шеберлiгi яғни сахна тiлi** сабағы жүргiзiледi.

2. Жастардың проблемаларын, оның iшiнде және т. б. проблемаларды қамтитын кемiнде 3 (үш) қойылым ұсыну

Жобаның ең маңызды көрсеткiшi өңiрдегi жастар үшiн кәсiби тұрғыда 3 (үш) спектакль сахналанады. Әр спектакль жастардың қойылымы болмақ, тапсырыс берушi тараптардың келiсiмi бойынша өзгертуге болады.

Бұл спектакльдер қоюдағы мақсат - әр көрерменге, соның iшiндегi жастарға өзектi мәселелердi көрсету арқылы, санасына ой салу арқылы уақытын тиiмдi пайдаланып, тұлға болып қалыптасуға итермелеу;

Рiктеуден өткен 20 үмiткерлердiң қабiлетiне, қарымына, шеберлiгiне қарай кез - келген спектакльдi қоюға болады

Өңiрде жастардың шығармашылық қабiлеттерiн ашуға арналған 3 спектакль сахналанады.

1. Әдемі әзiлмен өрiлiп, жастар арасындағы тазалықты, ауылдың әдемі көрiнiс бейнелейтiн комедиялық спектакль
2. Қазақ жастарының рух жiгерiн, қайраттылығын шыңдауға арналған композициялық қойылым
3. Ертегi жанры ұрпақ тәрбиесiндегi атқаратын рөлiнiң маңыздылығын ұқтыратын балаларға арналған ертегi

Бiрiншi спектакль - «Беу, қыздар-ай!» комедиясы

№1 әрекет.

Әдемі әзiлмен өрiлiп, жастар арасындағы тазалықты, ауылдың әдемі көрiнiс бейнелейтiн **«Беу, қыздар-ай!» атты** комедиялық спектакль сахналанады. **Ұзақтығы: 1 сағат**

Өзектiлiгi:

Студенттер жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейiн барлық диплом алған мамандар бiрден жұмыс таба алмайды. Жұмыс берушi жиi ретiнде жұмыс тәжiрибесi бар қызметкердi алуға ықпалды. Осы жағдайда, бiтiрген түлектермен «Дипломмен ауылға» мемлекеттiк бағдарлама көмекке келедi. Осы орайда, «Беу, қыздар-ай!» комедиясы дипломы бар, ауылға баруға құлқы жоқ яғни астарлы комедиялық спектакль ерекшелiгi – мұнда бүгiнгi заманның басты оқиғаларының орын алуы. Сондай-ақ, бүгiнде жұмысбастылықпен тұрмыс құрмай жүрген қыздардың жайында әдемі әрi астарлы әзiлмен айшықтайды. Әдемі әзiлмен өрiлiп, жастар арасындағы тазалықты, адалдықты, рухани байлықты,

талантты жастарды бейнелейтін комедияның көркемдігі мен шынайылығы күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Автор әр көріністі әзілмен өріп, бүгінгі заманның мәселесін толық баяндайды.

№2 әрекет. «Беу, қыздар-ай!» комедиясын кәсіби режиссер, өзінің кәсіби әріптестерімен яғни драматург, қоюшы суретші, киім суретшісі, хореограф, хормейстер, музыка әрлеуші т.б., командалық жұмысын ұсынады.

№3 әрекет. Спектакльдің анонсы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ аккаунттары арқылы таратылатын болады.

Екінші спектакль - «Мен жастарға сенемін» композициялық спектакль

№1 әрекет. Қазақ жастарының рух жігерін, қайраттылығын шыңдауға арналған «Мен жастарға сенемін» атты композициялық қойылым. **Ұзақтығы: 1 сағат**

Өзектілігі:

Жастардың бойындағы сенімсіздік. Бірте-бірте адами қасиеттерінің көрінбей, сирек кездесе бастағандығы, өз еліне деген құрметтің жоғала бастады, сол себепті, Жастар туралы Мағжан мен Міржақып және де басқа да Алаш арыстарының өлеңдерінің ерекшелігін ұғындырып, Қазіргі жастардың бойындағы күш, жігер қасиеттерін дамытып, бір жүйеге келтіру үшін сахнланады.

Егер біз Мағжан Жұмабаевтың “Мен жастарға сенемін” атты өлеңін және басқа Алаш арыстарының өлеңдерін насихаттап, жаттатып, сезіндірсек, жастардың рух, жігерін көтеріп, қазақ жастарының бойындағы қасиеттерін биік қоя отырып, қазақ жастарының өз еліне деген сүйіспеншілігіне, елінің үмітін ақтауға жетелеуге жол ашар едік. Жастар бір-бірімен салыстыру арқылы өзіндік ой топшылайды.

Қазақ еліне айырықша із қалдырған, қайратшылығымен, қайраткерліктерімен кейінгі ұрпаққа үлгі Алаш арыстарының аманатын ұғынып, ХХ ғасырдың бас кезіндегі шытырман оқиғалардағы ерліктерін біліп, оқиды, түсінеді. Олардың бәрін ой елегінен, өлең өрнегінен өткізіп отырады. Жастар үлкен ой, ойлану, толғану үстінде жүріп, тұлға болып қалыптасады. Жастардың рухын көтереді.

№2 әрекет. «Мен жастарға сенемін» композициялық спектаклін кәсіби режиссер, өзінің кәсіби әріптестерімен яғни драматург, қоюшы суретші, киім суретшісі, хореограф, хормейстер, музыка әрлеуші т.б., командалық жұмысын ұсынады.

№3 әрекет. Спектакльдің анонсы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ аккаунттарында таратылатын болады.

Үшінші спектакль - «Ғажайып әлем» балаларға арналған ертегісі

№1 әрекет. Ертегі жанры ұрпақ тәрбиесіндегі атқаратын рөлінің маңыздылығын ұқтыратын балаларға арналған «Ғажайып әлем» ертегісі. Ұзақтығы: 40 минут

Өзектілігі:

Балалар ертегілері - даналық көзі. Ертегі жанрын тәрбие үрдісінде қолдануды жандандыру, өміршендігін дәлелдеу, ұрпақ тәрбиесіндегі атқаратын рөлінің маңыздылығын ұғындыра білген жөн. Жаңа заманға жігер керек, талаптылық керек, басқа халықтан үйрену керек, ал ең керегі – ұлттық сана қалыптастырып, ұлттық намысы, ұлттық рухы жоғары, ұлтының тарихи-мәдени құндылықтарын бағалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеу керек. Біз ата дәстүріне сүйене отырып, халқымыздың өркениетті елдер қатарына жетуін армандаймыз. Ұлттық сезім мен ұлттық намысты, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті. Ол үшін - біз қазақ ертегілерінің маңызы зор, ертегілерді кейіпкерлері ұлттық дәстүрдің қайнар көзі екендігін, сондай - ақ, күнделікті өмірде қолдануға итермелеуіміз керек. Жастар арасында кеңінен насихаттап, жастарды жастардың әрекетімен, сахналауымен түсіндіруіміз керек.

№2 әрекет. «Ғажайып әлем» балаларға арналған ертегісін кәсіби режиссер, өзінің кәсіби әріптестерімен яғни драматург, қоюшы суретші, киім суретшісі, хореограф, хормейстер, музыка әрлеуші т.б., командалық жұмысын ұсынады.

№3 әрекет. Ертегінің анонсы және афишасы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ аккаунттарында таратылатын болады.

3. Маңғыстау облысының барлық 5 ауданында және Ақтау және Жаңаөзен қалаларында кемінде 3 көшпелі қойылым өткізу;

№1 әрекет. Премьерасы өткізілген әр спектакльдеріміздің арнайы афишасы жасақталып, Аудандардың басшылықтарына хат жолдап, өзара келісімімен жүзеге асырылады.

	<p>№2 әрекет. Маңғыстау облысының 5 ауданында және Жаңаөзен қаласына гастрольдік сапарға шығып, барлық спектакль көрсетіледі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі 2. Қарақия ауданы, Құрық кенті 3. Түпқараған ауданы, Форт- Шевченко қаласы, Түпқараған аудандық мәдениет үйі 4. Бейнеу ауданы, Бейнеу аудандық мәдениет үйі 5. Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы 6. Жаңаөзен қаласы “Мұнайшы” мәдениет үйі <p>№3 әрекет. Спектакль анонстары және афишасы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ аккаунттарында таратылатын болады.</p>
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	Маңғыстау облысы
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	1 наурыз 2023 жылы
9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні	31 қараша 2023 жылы
10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	<ol style="list-style-type: none"> 1. Маңғыстау облысының тұрғындары; 2. 6-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары; 3. 17-25 жас аралығындағы студенттер; 4. 14-35 жас аралығындағы жастар; 5. БАҚ өкілдері; 6. Мемлекеттік мекемелер 7. Үкіметтік емес ұйымдар 8. Қоғамдық пікір көшбасшылары
11. Нысаналы индикаторларды орындауға	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жастардың шығармашылық ұжымы пайда болады; 2. Жастардың проблемаларын, оның ішінде және т. б. проблемаларды қамтитын кемінде 3 (үш) қойылым ұсынылатын болады.

бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	<p>3. Маңғыстау облысының барлық 5 ауданында және Ақтау және Жаңаөзен қалаларында кемінде 3 көшпелі қойылым өткізілетін болады.</p> <p>Жоба наурыз айынан қараша айына дейін өткізіледі, жоба аясында 16 000 (он мың) адам қамтылады, тікелей қамту – 1000 (мың адам) , жанама қамту 5000 (бес мың) (әлеуметтік желілер, БАҚ арқылы) – 10 000 адам</p>	
Сандық нәтижелері	<p>1. Жастардың шығармашылық ұжымы пайда болуына әрекет жасау.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кастингке - 100 үміткерден 20 үміткер іріктеуден өтеді. • Актерлік шеберлігі – аптасына – 2 рет, айына – 8 рет • Шешендік өнер шеберлігі яғни сахна тілі – аптасына – 2 рет, айына – 8 рет <p>2. Жастардың проблемаларын, оның ішінде және т. б. проблемаларды қамтитын кемінде 3 (үш) қойылым ұсыну.</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Беу, қыздар-ай! » комедиясы – 300 адам (1000 адам) • «Мен жастарға сенемін» композициялық спектакль – 300 адам (1000 адам) • «Ғажайып әлем» балаларға арналған ертегісі – 300 адам (1000 адам) <p>3. Маңғыстау облысының барлық 5 ауданында және Ақтау және Жаңаөзен қалаларында кемінде 3 көшпелі қойылым өткізу .</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі – 300 адам (1000 адам) • Қарақия ауданы, Құрық кенті – 300 адам (1000 адам) • Түпқараған ауданы, Форт- Шевченко қаласы, Түпқараған аудандық мәдениет үйі – 300 адам (1000 адам) • Бейнеу ауданы, Бейнеу аудандық мәдениет үйі – 300 адам (1000 адам) • Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы – 300 адам (1000 адам) • Жаңаөзен қаласы “Мұнайшы” мәдениет үйі – 300 адам (1000 адам) 	
Сапалық нәтижелер және оларды өлшеу тәсілдері	<p>Жобаны іске асырылғанға дейін және кейін мақсатты топ өкілдерінен сауалнама жүргізіледі және пікірлер алынады. Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін қатысушылардан әлеуметтік желі арқылы бағалау сауалнама жасақталады. Әр іс- шараға қатысушы қанағаттану деңгейі 80% кем болмау керек.</p>	
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері*	Серіктестестер:	Қолдау түрі:

<p>* Аталғантармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және серіктестердің хаттарымен расталады</p>	<p>Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы (қолдау хат жалғанды)</p> <p>Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармалары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы 2. Мұнайлы аудандық ішкі саясат бөлімі 3. Түпқараған аудандық ішкі саясат бөлімі 4. Қарақия аудандық ішкі саясат бөлімі 5. Бейнеу аудандық ішкі саясат бөлімі 6. Жаңаөзен қалалық ішкі саясат бөлімі 7. Маңғыстау ауданының ішкі саясат бөлімі 8. Ақтау қалалық ішкі саясаты <p>Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталықтары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы; 2. Мұнайлы аудандық жастар ресурстық жастар ресурстық орталығы; 3. Қарақия аудандық жастар ресурстық орталығы; 4. Түпқараған аудандық жастар ресурстық орталығы; 5. Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығы; 6. Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы <p>Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ</p> <p>Маңғыстау облыстық «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ассамблея жастары» РКБ (қолдау хат жалғанды)</p> <p>Маңғыстау облысының білім басқармасы «Бекен» жас көшбасшылар достастығы» ҚҚ «Маңғыстау медиа» ЖШС (қолдау хат жалғанды)</p> <p>Түпқараған жастары ҚҚ (қолдау хат жалғанды)</p>	<p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына кәсіби - әдістемелік, ұйымдастырушылық, ақпараттық, ресурстық қолдау білдіреді. Мүдделі тарап</p> <p>Мүдделі тарап</p> <p>Мүдделі тарап</p> <p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына ұйымдастырушылық, ақпараттық және мониторинг жүргізуге қолдау білдіреді</p> <p>Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету. Соның ішінде конкурстық кастинг ұйымдастыруға қолдау көрсету.</p> <p>Жобаға жастарды тарту, ақпараттық, аналитикалық, ұйымдастырушылық қамтамасыз ету.</p> <p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына ұйымдастырушылық, ақпараттық, ресурстық қолдау білдіреді.</p> <p>Жобаның өңірде жүзеге асыруына ұйымдастырушылық, ақпараттық, ресурстық қолдау білдіреді.</p>
--	---	---

Жоба аясында өткізілетін барлық іс-шаралар әлеуметтік желілердегі @jasartmangystau инстаграм парақшасын үздіксіз жарияланатын болады. Сондай-ақ өңірлік пікір көшбасшыларының, Маңғыстаудың белсенді адамдарының, блогерлердің, сондай-ақ облыстық БАҚ akkaунттары арқылы таратылатын болады.

Ақпараттық өнім (мақала, бейнеролик, баннер, пост, бюллетень, т. б.)	Әлеуметтік жоба уақытындағы ақпараттық өнімдердің саны	Жарықтандыру арналары (теледидар, баспа басылымдары, интернет-порталдар, жеке сайт, әлеуметтік желілер, радио, таратылымдар, т. б.)	Ақпараттың таралу жиілігі
Пост	Аптасына – 2 пост Айына – 8 пост	Instagram, Facebook әлеуметтік желілері	Іс-шараның өту барысында аптасына
Бейнеролик	5	Instagram, Facebook, әлеуметтік желілері (таратылым)	Іс-шараның өту барысында 1 бейнеролик және анонс
Банер (паучок)	3	Іс-шараларды визуалды безендіру	Іс-шараның өту барысында
Мақала	5	Instagram, Facebook, әлеуметтік желілері Аймақтық және республикалық БАҚ	Іс-шараның өту барысында ар айына 2 рет
Брифинг	2	Instagram, Facebook, әлеуметтік желілері	Жоба іске асыру аясында брифингтер өткізу.

13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады

Сонымен қатар:

№ 1 әрекет. Қор мамандары жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та ілгерілету бойынша жобалық топ контент-жоспар жасақтайды;

№ 2 әрекет. Қордың медиа маманы жоба шеңберінде жүргізілген жұмыстар туралы әлеуметтік желілер мен БАҚ-та белсенді SMM жылжыту, материалдар мен роликтер дайындау және тарату жұмысын ұйымдастырады. Тарату жұмысына өңірдегі жастар арасында танымал инфлюенсерлер атсалысады;

№ 3 әрекет. Медиа маман қордың және жергілікті БАҚ үшін жобаның барлық кезеңінде әлеуметтік желілерге арналған қысқа есептік роликтерді монтаждап, тұрақты түрде жариялап отырады. Жоба іске асыру аясында брифингтер өткізіледі.

1. Күнтізбелік жоспар

№ Р/с	Шешілетін міндет	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер
1	Жастардың шығармашылық ұжымы пайда болуына әрекет жасау.	Жастар театрына шығармашылық талаптарға сәйкес келетін қатысушы үміткерлерді анықтау үшін кастинг жарияланады.	Наурыз	Сәуір	Жастар театрына кастинг жарияланып, 14 – 35 жас аралығындағы 100 - ге жуық үміткерден 20 үміткерді проза, поэзия, монолог оқуына қарай анықтап, іріктеуден өткізіп, әлеуметтік желілердегі ресми парақшасында тікелей эфирде көрсетіледі, жарияланады. Іріктеуден өткен 20 үміткерлерге актерлік шеберлігі және шешендік өнер шеберлігі яғни сахна тілі сабағы жүргізіледі
2	Жастардың проблемаларын, оның ішінде және т. б. проблемаларды қамтитын кемінде 3 (үш) қойылым ұсыну	1. «Беу, қыздар-ай!» комедиясы 2.«Мен жастарға сенемін» композициялық спектакль 3. «Ғажайып әлем» балаларға арналған ертегісі	Наурыз	Қараша	Әдемі әзілмен өріліп, жастар арасындағы тазалықты, ауылдың әдемі көрініс бейнелейтін атты комедиялық спектакль, Қазақ жастарының рух жігерін, қайраттылығын шыңдауға арналған композициялық қойылым, ертегі жанры ұрпақ тәрбиесіндегі атқаратын рөлінің маңыздылығын ұқтыратын балаларға арналған ертегісі сахналанады. Жастар спектакль көрсету арқылы тәжірибе жинап, өз орнын тауып, тұлға боп қалыптасады.

3	Маңғыстау облысының барлық 5 ауданында және Ақтау және Жаңаөзен қалаларында кемінде 3 көшпелі қойылым өткізу;	<p>1. «Беу, қыздар-ай! » комедиясы</p> <p>2.«Мен жастарға сенемін» композициялық спектакль</p> <p>3. «Ғажайып әлем» балаларға арналған ертегісі</p>	Сәуір	Қараша	<p>Маңғыстау облысының 5 ауданында және Жаңаөзен қаласында гастрольдік сапарға шығып, маршрут бойынша спектакль көрсетеді.</p> <p>1. Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі</p> <p>2. Қаракия ауданы, Құрық кенті</p> <p>3. Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Түпқараған аудандық мәдениет үйі</p> <p>4. Бейнеу ауданы, Бейнеу аудандық мәдениет үйі</p> <p>5. Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы</p> <p>6. Жаңаөзен қаласы “Мұнайшы” мәдениет үйі</p>
---	---	---	-------	--------	---

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері		Негіздеме/ түсініктеме
						Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
	Әкімшілік шығындар				2 934 900			
	Еңбекақы, соның ішінде				2 867 400			
	Жоба жетекшісі (салықтарды қоса есептегенде)	ай	9	100 000	900 000			

	Ұйым есепшісі (салықтарды қоса есептегенде)	ай	9	100 000	900 000		
	Жоба SMM маманы (салықтарды қоса есептегенде)	ай	9	100 000	900 000		
	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	ай	9	9 600	86 400		
	МӘМС	ай	9	9 000	81 000		
	Банк шығындары	ай	9	2 000	18 000		
	Негізгі құралдардың шығындары	қызмет	9	2 000	18 000		
	Материалды-техникалық қамтамасыз ету				652 100		
	Жесткий диск	дана	1	27 100	27 100		
	Софтбокс штативпен	дана	1	25 000	25 000		
	Фотоаппарат	дана	1	600 000	600 000		
	Тікелей шығындар:				6 697 000		
	1. Жастардың шығармашылық ұжымы пайда болуына әрекет жасау.				1 117 000		
	Видеограф	қызмет	1	50 000	150 000		
	Актерлік шеберлік және сахна тілі мамандары	ай	9	107 444	967 000		
	2. Жастардың проблемаларын, оның ішінде және т. б. проблемаларды қамтитын кемінде 3 (үш) қойылым ұсыну				4 500 000		
	Қойылымды ұйымдастырушы мамандар қызметі				3 000 000		
	Қоюшы режиссер	қызмет	3	400 000	1 200 000		

Драматург	қызмет	3	300 000	900 000		
Қоюшы-суретші	қызмет	3	50 000	150 000		
Тігінші және костюмдер бойынша суретші	қызмет	3	50 000	150 000		
Дыбыс операторы	қызмет	3	40 000	120 000		
Хореограф	қызмет	3	40 000	120 000		
Гример	қызмет	3	40 000	120 000		
Жарық операторы	қызмет	3	40 000	120 000		
Хормейстер	қызмет	3	40 000	120 000		
Қойылымға қажетті негізгі құралдар, материалдар				1 500 000		
Декорация	қызмет	3	500 000	1 500 000		
3. Маңғыстау облысының барлық 5 ауданында және Ақтау және Жаңаөзен қалаларында кемінде 3 көшпелі қойылым өткізу;				1 080 000		
Көлік қызметтері	қызмет	6	100 000	600 000		
Тамақтану	қызмет	6	80 000	480 000		
Жиынында				10 284 000		

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған

тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатыпалу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
- осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
- осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
- осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкескелетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болыпта былмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруынтара туды қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландыру мен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

«JasART» жеке меншік мекемесінің директоры



Исаева.А.Ж

Толтырылған күні: 14.02. 2023 жыл.